№2. Акционерлік қоғамда көлік жүргізуші ретінде жұмыс жасайтын Кириленко, осы акционерлік қоғамның иелігіндегі, бірақ мемлекеттік техникалық тексерістен өтпеген көлікті басқарған. Осы құқық бұзушылықты жасағаны үшін Кириленкоға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі әкімшілік айыппұл салынған. Көлік жүргізуші Кириленко әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыға шағымданған. Ол өзінің шағымын келесі мән-жайлармен, яғни көлік құралы заңды тұлғаның – акционерлік қоғамның иелігінде екендігін, ал ол тек жалдану арқылы көлік құралын басқарғанымен негіздеген. Заңды тұлғалардың иелігіндегі, мемлекеттік техникалық тексерістен өтпеген көлік құралдарын басқарумен байланысты туындаған әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі кім болып табылады?

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ (өзгеріс енгізілді: 10.02.2017) // <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399
2. «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 219-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.29.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000219_
3. Қызылов М. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: оқулық. – 2 –басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 504 б. (342.9 (574) (075.8) К80)
4. Григорьев В. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Жалпы бөлім: оқу құралы. 2 басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 80 б. (342.92 (574) (075.8) Г81)
5. Административное право Республики Казахстан [Электронный ресурс]: учебно-практическое пособие/ Оразбаева А.А., Джанысбаева Т.З., Бейсембеков А.С.— Электрон. текстовые данные.— Астана:

Казахский гуманитарно-юридический университет, 2015.— 155 с.—
Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/49553> — ЭБС «IPRbooks»
(стр. 59-67).

б. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры.
– Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с. (стр. 291-292) //
<http://89.218.140.251/ЕК/%D0%90%D0%B4%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A0%D0%9.pdf>

Тақырып № 9. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. ҚР ӘҚБ туралы кодексі бойынша кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.
2. Кеден органдарының құзырына жататын әкімшілік құқық бұзушылықтардың саралануы.
3. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардың құрамы.

2. Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. Өзбекстан азаматтары, жеке кәсіпкерлер ретінде, өз еңбектерімен еккен өнімдерін көтерме және бөлшектеп сатуды жүзеге асырған. Кеден нормаларына сәйкес бұл өнімдер, Өзбекстан – Қазақстан шекарасынан өткен кезде, жан-жақты әрі толық тексеруден өтуі қажет. Тексеру барысында жемістер мен көкөністердің астында есірткі (наркотик) салынған қаптар табылған.

Кеден органдарының әрекеттері қандай болуы тиіс және бұл органдар әкімшілік жазаларды қолдану құқығына ие болады ма?

№2. 2014 жылдың 16 ақпанында Шу қаласының Сатпаев көшесі «Қосқұдық» ауданында патрульдеу кезінде Шу ПАБ жол полициясы қызметкерлерімен S 2391 AG мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Тойота Ариста» маркасындағы көлік құралын жүргізуші азамат Б. ұсталды. Құжаттарды тексеру кезінде көлік құралының кедендік қатынаста рәсімделмегені, яғни Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы декларациясыз, кеден төлемдері мен салықтары төленбей, жеке пайдалануға уақытша өткізілген көлік құралын пайдаланғаны анықталды. Осы деректі (факт) негізге ала отырып Жамбыл облысы «Құлан» кеден бекетінің қызметкерлерімен ҚР ӘҚБтК 430-бабының 1-ші тармағы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылды. Бірінші инстанция бойынша сот зерттелген дәлелдемелерді: 2014 ж. 2 маусымында лауазымды тұлғамен толтырылған кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, Қырғыз Республикасында азамат Б.-ның атына нотариалды

куәлендірілген сенімхатты, алып қою туралы хаттаманы, № 229 қабылдау актісін, құқық бұзушының кінәсін мойындауы және өзге де іс материалдарын негізге ала отырып, құқық бұзушының кінәсі дәлелденді деген қорытындыға келді. Сот, құқық бұзушының әрекеттері ҚР ӘҚБтК 430-бабының 1-ші тармағы бойынша дұрыс сараланған деп есептеп, бірақ әкімшілік құқық жауаптылыққа тарту мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндірісті тоқтату туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар, судьяның шешімі Жамбыл облысы «Құлан» кеден бекетінің қызметкерлерімен хаттаманың толтырылғаны және іс бойынша материалдардың Шу аудандық сотына жіберілгендігімен негізделді. Ал іс өндіріске тек 3 ай 18 күн өткеннен кейін, яғни 2014 жылдың 4 маусымында қабылданған. Осы кейс бойынша сіздің пікіріңіз қандай? ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес шешуін беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы : Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV Кодексі (2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30776062#pos=0;0
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ (өзгеріс енгізілді: 10.02.2017) // <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399
3. Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 498 бұйрығы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V14E0009933#z663>
4. Мемлекеттік кірістер органдарының жедел-тергеу бөлімшелерінде (экономикалық тергеу қызметі) қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы : Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 56 бұйрығы (2016.08.02. берілген өзгерістермен) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V15E0010367>
5. Зубач А.В. Выявление и основы расследований административных правонарушений, отнесенных к компетенции таможенных органов [Электронный ресурс]: учебное пособие/ Зубач А.В., Сафоненков П.Н.— Электрон. текстовые данные.— СПб.: Интермедия, 2014.— 132 с.— Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/27970> — ЭБС «IPRbooks» (стр. 16-96).
6. Борьба с преступлениями и правонарушениями в сфере таможенного дела. Административная практика. // http://keden.kz/ru/press_reliase.php?id=8035

Тақырып № 10. Әкімшілік жауаптылық.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Әкімшілік жауаптылық: түсінігі, ерекшеліктері.
2. Әкімшілік жауаптылықтың субъектілері, олардың белгілері.
3. Кәмелетке толмағандардың, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың әкімшілік жауаптылығының ерекшеліктері.
4. Кеден органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының жауаптылығы.
5. Әкімшілік жауаптылықтан артықшылықтары мен иммунитеттері бар адамдар.
6. Әкімшілік жауаптылықты ауырлататын, жеңілдететін және болғызбайтын мән-жайлар.
7. Ескіру мерзімінің өтуіне байланысты әкімшілік жауаптылықтан босату. Әкімшілік құқықтағы тәртіптік және азаматтық-құқықтық жауаптылық.

2. Жазғаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. 2015 жылдың 10 сәуірінде сағат 15.00 шамасында А. Махметов 350ANB 01 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Мерседес-Бенц» маркасындағы көлік құралын басқарды және Астана қаласы Тұран көшесі бойында қозғалыс барысында ҚР Жол жүрісі қағидаларының 2.7.1. тармағының талаптарын бұзды, атап айтқанда көлік құралын мас күйінде басқарды, сондай-ақ 2012 ж. 21 қаңтарындағы «Қазақстан аумағында жылжитын объектілерді тасымалдауды жүзеге асыратын Ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметі Қаулысының 12-бабы 1-тармағының талаптарын бұзды, атап айтқанда жануарды дұрыс байламаған және жирафтың басының қауіпсіздігін қамтамасыз етпеген, әрі абайсыздықтан 707 RHN 01 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Тойота», 471 CBV 01 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Джип», 569 TMH 03 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «BMW», Т 653 НРИ мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Мерседес-Бенц» ауыр жүк көлік құралдарының соқтығысуына жол берген. Соның салдарынан көлік құралдарына залал келген, материалдық зиян, сонымен қатар өзге де көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірілген.

Әкімшілік жауаптылыққа тартылушы А. Махметов сот отырысында құқық бұзушылыққа жол бергендігі бойынша кінәсін мойнына ала отырып, келесі мән-жайларды: жол қозғалысы ережелерін, жануарларды тасу ережелерін бірінші рет, абайсыздықта бұзғанын, соның салдарынан көлік құралдарына зақым келгенін, материалдық шығынға ұшыратқанын айтты.

А. Махметов жасаған әрекеттеріне өкінді және от басында жалғыз

асыраушы, әрі көлік құралы оның отбасындағы жалғыз табыс табу көзі болып табылатындықтан, оны көлікті басқару құқығынан айырмауды өтінді. Барлық айыппұлдар төленгенін айтты.

Барлық жәбірленушілер жазбаша және ауызша жол жүрісі және жануарларды тасу ережелерінің бұзылғаны туралы деректерді (факттерді) растады.

Осы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске заңды талдау беріңіз және судьяның шешімі қандай болатынын айқындаңыз.

№2. Судьяның қаулысымен он жеті жасар Шиловқа, полиция қызметкерінің заңды талаптарын орындамай қарсылық білдіргені үшін, 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалды. Істі қарауға қатысқан Шиловтың адвокаты судьяға, оның қоғауындағы тұлғаның 18 жасқа толмағанын, сондықтан әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жазаны қолдануға болмайтындығын ескертті.

Судья бұл қатаң әкімшілік жазаны тағайындауын екі мән-жаймен негіздеді. Біріншіден, Шиловтың полиция қызметкеріне көрсеткен дөрекі мінез-құлқы және И. қаласында болған осы құқық бұзушылыққа қатысты қоғамдық резонанстың болуы, әрі екіншіден, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын Шиловтың некеде тұруы, оның толық әрекет қабылеттігін айқындайтындығы.

Бұл жағдаяттың құқықтық бағасын беріңіз. Судьямен берілген мән-жайлар, жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар болып табылады ма?

Азаматтық-құқықтық әрекет қабылеттілік әкімшілік деликтқабылеттілігіне әсер етеді ме? Шиловқа әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазаны тағайындауға болады ма? Әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза тағайындау туралы қабылданған қаулы құқыққа сәйкес пе?

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ (өзгеріс енгізілді: 10.02.2017) // <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399

2. Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы : Қазақстан Республикасынның 2010 жылғы 30 маусымдағы № 296-IV Кодексі (2016.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30776062#pos=0;0

3. «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығы (2016.02.02. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30112029#pos=1;-277

4. «Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 Қаулысы (2015.23.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001196#z0>
5. Постановления Правительства РК от 21.01.2012 года «Об утверждении Правил осуществления транспортировки (перемещения) перемещаемых (перевозимых) объектов на территории РК» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400001196#z0>
6. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с. (стр. 288-295; 308-309) // <http://89.218.140.251/EK/%D0%90%D0%B4%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A0%D0%9A.pdf>
7. Административное право Республики Казахстан [Электронный ресурс]: учебно-практическое пособие/ Оразбаева А.А., Джанысбаева Т.З., Бейсембеков А.С.— Электрон. текстовые данные.— Астана: Казахский гуманитарно-юридический университет, 2015.— 155 с.— Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/49553> — ЭБС «IPRbooks» (стр. 59-67).

Тақырып № 11. Әкімшілік жазалар.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Әкімшілік жазалардың түсінігі және түрлері.
2. Әкімшілік жазалардың мазмұны.
3. Сотпен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдар, лауазымды тұлғалармен әкімшілік жазаларды тағайындау.
4. Әкімшілік жазаларға тарту тәртібі.
5. Әкімшілік жазаларды қолдану мақсаттары.

2. Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. Төтенше жағдайлар (одан әрі - ТЖ) жөніндегі комитетпен ШҚО ТЖ жөніндегі департаменті Семей қаласының ТЖ жөніндегі басқармасымен жеке кәсіпкер И.И. Иванованың (аты-жөні өзгертілген) атына, жастар клубында анықталған, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін бұзылғаны және оны қалпына келтіруі бойынша нұсқаманы орындамағаны туралы нұсқама (предписание) қабылданды. 2015 жылдың қараша айында Семей қаласы, Абай көшесінде орналасқан «Х» жастар клубында, жеке кәсіпкер болып табылатын И.И. Иванова, Семей қаласының ТЖБ шығарылған нұсқаманы дұрыс орындамады, яғни жертөле бөлмесінен

эвакуациялық тораптың өту биіктігі нормативке сәйкес келмейтіндіктен, оны қалпына келтірмеген. Нұсқаманы орындау мерзімі 2015 жылдың 1 қарашасына дейін белгіленген. Осы мерзім ішінде нұсқаманы орындамағаны үшін ол ҚР ӘҚБтК 462-бабының 3-бөлігі бойынша жауаптылық белгіленген құқық бұзушылық жасаған. Қосымша тексеру барысында, нұсқамада белгіленген мерзімде бұзылған құқық қалпына келтірілмегендіктен, уәкілетті мемлекеттік орган жеке кәсіпкерге қатысты ҚР ӘҚБтК 462-бабының 3-бөлігі бойынша, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамауы үшін жауаптылық көзделген, әкімшілік іс қозғады.

Осы іс Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен қаралды және сот қаулысымен, жеке кәсіпкерге жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде – 198200 (жүз тоқсан сегіз мың екі жүз) мемлекеттік бюджет кірісіне әкімшілік айыппұл тағайындалды және бір ай мерзімге «Х» жастар клубын пайдалану қызметі тоқтатылды. .

Осы іс бойынша әкімшілік жаза тағайындау тәртібіне түсіндірме беріңіз.

№2. Семей қаласы, Найманбаев көшесінің бойында көлік жүргізуші Н., F647HZN мемлекеттік тіркеу нөмірімен «BMW 500» маркасындағы (көлік құралының нөмірі және маркасы өзгертілген) көлік құралын масаң күйінде басқарған, сондай-ақ 2013 жылы көлік жүргізу куәлігінің әрекет ету мерзімі өткендіктен, оның көлік құралын айдауға құқығы болмаған. Азамат Н. көлік жүргізу куәлігін қайта қалпына келтірмеген, қайтадан көлік жүргізу куәлігін алмаған. Азамат Н. өзінің әрекеттерімен жол жүрісі қағидаттарын, оның ішінде, көлік құралын масаң күйінде (ішімдік, есірткі және немесе уытқұмарлық) басқаруға тыйым салынатыны бекітілген Ереженің 2.4.1 тармағын бұзған..

Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты азамат Н.-ді ҚР ӘҚБтК 608-бабының 6-бөлігінде қарастырылған құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп таныды және 20 тәулік мерзіміне әкімшілік қамаққа алу түріндегі жаза тағайындады.

Осы жағдаят бойынша заңды бағасын беріңіз. ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес шешуін беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ (өзгеріс енгізілді: 10.02.2017) // <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399

2. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с. (стр. 296-302) //

<http://89.218.140.251/EK/%D0%90%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A0%D0%9A.pdf>

3. Қызылов М. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы: оқулық. – 2 –басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 504 б. (342.9 (574) (075.8) К80)
4. Григорьев В. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Жалпы бөлім: оқу құралы. 2 басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 80 б. (342.92 (574) (075.8) Г81)
5. Братановский С.Н. Административное право [Электронный ресурс]: учебник/ Братановский С.Н., Зеленов М.Ф., Марьян Г.В.— Электрон. текстовые данные.— М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2014.— 975 с.— Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/18189>.— ЭБС «IPRbooks» (стр. 449-472)

Тақырып № 12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің негізгі ережелері, кезеңдері.
2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің жалпы және қысқартылған тәртібі.
3. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртібі.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ведомстволығы.
5. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар.
6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелер және дәлелдеу. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.
7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама: мазмұны, толтыру тәртібі, хаттамалар жасауға құқығы бар лауазымды адамдар.
8. Әкімшілік жазалардың жекелеген түрлерін орындау тәртібі.

2. Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау бойынша Мемлекеттік инспектор 10 ақпанда орта мектептің өндірістік білім беру мастері К. Кулмурзаеваға, Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін 19820 теңгеге айыппұл салды. 27 ақпанда К. Кулмурзаева қабылданған қаулыға қатысты аудандық сотқа шағымданды. Судья 6 наурызда шағымды қарады және тағайындалған жазаны жоюға негіз таппады, бірақ әкімшілік айыппұл мөлшерін 9910 теңге төмендетті, ол 5 АЕК құрады.

Мастер К. Кулмурзаеваның шағымы бойынша әкімшілік жаза

тағайындау өндірісі дұрыс жүзеге асырылды ма?

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ (өзгеріс енгізілді: 10.02.2017) // <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31577399
2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы : Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы (2016.30.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31538985#pos=0;0
3. Азаматтық қорғау туралы : Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Заңы (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31534450#pos=0;0
4. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 13 декабря 2013 года № 713 «Об утверждении Инструкции по производству дел об административных правонарушениях в органах внутренних дел Республики Казахстан» // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300009074>
5. Чепурная И.В. Производство по делам об административных правонарушениях [Электронный ресурс]: учебное пособие/ Чепурная И.В.— Электрон. текстовые данные.— Владивосток: Владивостокский филиал Российской таможенной академии, 2012.— 64 с.— Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/25785>.— ЭБС «IPRbooks» (стр. 7-51).
6. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с. (стр. 302-309) // <http://89.218.140.251/EK/%D0%90%D0%B4%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A0.pdf>

Тақырып № 13. Әкімшілік-процестік (рәсімдік) қызмет.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Әкімшілік даудың түсінігі, әкімшілік дауларды қарау спецификасы.
2. «Әкімшілік процесс» және «Әкімшілік рәсім»: түсінігі, өзара қатынасы және айырмашылығы
3. Әкімшілік процестің түрлері және кезеңдері.
4. Тәртіптік өндіріс: түсінігі, кезеңдері.
5. Азаматтардың өтініштері бойынша өндіріс.
6. Шағымдарды қараудың әкімшілік және соттық тәртібі.
7. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің түрлері.

2. Жазғаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. Облыс әкімінің атына 20 қарашада әскери қызметші А.

Мамырбековадан және азамат Ж. Смаиловадан осы әкімдіктің қаржы бөлімінің меңгерушісінің әрекетіне шағым түсті. 8 желтоқсанда әкім, әскери қызметші - А. Мамырбекованың шағымын өзі қарады, ал Ж. Смаилованың жазбаша өтінішін, істің мәні бойынша шешу үшін, әкімдіктің қаржы бөліміне жіберді.

Әкім облысының әрекеті құқыққа сәйкес пе? Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару органдары азаматтардың қандай жазбаша өтініштерін қарайды?

№2. Паспорттық режимді тексеру кезінде учаскелік уәкілеттікке ие Т., өзінің қызмет көрсететін мекен-жайдағы үйде, яғни Л. атындағы көше, 138 үй, 17 пәтерде Азербайджаннан келген А.-ның ұзақ уақыт бойы тіркеусіз тұрып жатқандығын анықтады. Үй иесі Ж. да, Азербайджаннан келген А. да тіркелу туралы ешқандай шаралар жасамаған. П. қаласы аудандық сотының судьясы А.-ға қатысты әкімшілік айыппұл сала отырып, Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулы қабылдады. Әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны орындау шекара органдарына жүктелді.

Бұл жағдаятқа қатысты құқықтық бағасын беріңіз.

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz> // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі : Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // [http://adilet.zan.kz/rus/docs/ K1500000377](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377)
3. Әкімшілік рәсімдер туралы : Қазақстан Республикасының Заңы 2000 ж. 27 қарашадағы № 107-II (2015.24.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1020750
4. Досье на проект Закона Республики Казахстан «Об административных процедурах» (март 2015 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30931540#pos=0;200
- 5 Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы : ҚР Заңы, 2007 жылғы 12 қаңтардағы (2015.04.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) / <http://adilet.zan.kz> // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30086115#pos=0;0
6. Братановский С.Н. Административное право [Электронный ресурс]: учебник/ Братановский С.Н., Зеленов М.Ф., Марьян Г.В.— Электрон. текстовые данные. — М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2014.— 975 с. — Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/18189>. — ЭБС «IPRbooks» (стр. 530-550).
7. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. — Алматы: Налоговый эксперт, 2010. — 368 с. (стр. 310-315) //

<http://89.218.140.251/EK/%D0%90%D0%B4%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A.pdf>

Тақырып № 14. Әкімшілік юстиция.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Әкімшілік юстиция: түсінігі, ерекшеліктері.
2. Әкімшілік юстиция әкімшілік құқықтың институты ретінде.
3. Әкімшілік талап қоюдың түсінігі, маңызы және ерекшеліктері.
4. Бұқаралық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулардың сипаттамасы.
5. Ерекше талап қою бойынша өндіріс істерінің категориялары.
6. Бұқаралық-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша істерді Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексе нормалары бойынша қараудың ерекшелігі.

2. Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Азамат В. Крутов 28 қыркүйекте мас күйінде зауыттың кіреберісіне енген, күзетшіге тиісіп, балағаттаған, жұдырығымен ұруға әрекет жасаған. Осы әрекеттері үшін аудандық соттың судьясы В. Крутовке 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу туралы әкімшілік жазаны тағайындаған. В. Крутов әкімшілік қамаққа алу жазасын өтеу барысында өзін дөрекі ұстанған және әкімшілік-қамалғандар үшін арнайы қабылдау орнындағы кезекшіге тіл тигізген. В. Крутовке осы әрекеттері үшін, әкімшілік-қамалғандар үшін арнайы қабылдау орнындағы материалдар бойынша, судьямен 8 қазанда 10 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған. 16 қазанда В. Крутов жұмыс орнынан кеткен, бірақ арнайы қабылдау орнына келмегені үшін, арнайы қабылдау орнының басшысымен 5 тәулікке әкімшілік қамаққа алу мерзімі ұзартылған. Әкімшілік қамаққа алынушы, лауазымды тұлғалардың әрекеттерінің дұрыс емес екенін негіздей отырып, олардың әрекеттеріне шағымданған. Бұл жағдаятқа қатысты құқықтық талдауын беріңіз. Арнайы қабылдау орны басшысының әрекеттері құқыққа сәйкес пе?

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексі : Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V Кодексі (2017.27.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>
2. Проект Административного процессуального кодекса Республики Казахстан // <http://sud.gov.kz/rus/content/administrativnyu-processualnyu-kodeks-respubliki-kazahstan>
3. Досье на проект Административного процессуального кодекса

Республики Казахстан (декабрь 2015 года) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31616799

4. Административное право: учебный курс / под ред. Р.А.Подопригоры. – Алматы: Налоговый эксперт, 2010. – 368 с. (стр. 315-335) // <http://89.218.140.251/ЕК/%D0%90%D0%B4%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%A.pdf>

5. Анализ рассмотрения гражданских дел, возникающих из публично-правовых отношений в сфере государственного управления // <http://alm.sud.kz/rus/content/analiz-rasmotreniya-grazhdanskih-del-voznikayushchih-iz-publichno-pravovyh-otnosheniy-v>

Тақырып № 15. Экономика, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салаларды әкімшілік-құқықтық реттеу.

1. Қарастырылатын сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономиканы басқарудағы рөлі.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің әкімшілік-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің экономика саласындағы рөлі.
3. Әлеуметтік-мәдени саланы әкімшілік-құқықтық реттеу.
4. Әкімшілік-саяси саланы мемлекеттік-құқықтық реттеу.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттің қорғаныс қабылетін қамтамасыз етудегі рөлі.

2. Жазғаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

2015 жылдың 15 мамырында Каспий теңізінің Солтүстік жағалауындағы Атырау облысы Құрманғазы ауданының Ганюшкино ауылынан 80 шақырым жерде орналасқан «Новинский» аралы ауданында рейд шараларын өткізу барысында, Атырау облысы ПД балық қорларына қолсұғатын қылмыстармен күрес бөлімінің қызметкерлерімен «Маринер-250л/с» үш моторлық «Байда» түріндегі қайық ұсталды, қайықта РФ Дағыстан Республикасының бес азаматы және Грузия Республикасының бір азаматы болды. Бұл туралы құрылымдық бөлімге Қазақстан Республикасы ІІМ ӘПК табиғатты құрғау полициясының бөлімі хабарлады. Қайықты тексеру барысында, оның ішінен балық аулауға арналған екі ау мен «GARMIN» навигациялық құралы табылды және алынып қойылды. Жауап алу кезінде ұсталғандар, Қазақстанның шекарасынан заңсыз өткендіктерін мойындады.

Ұсталған шетелдіктер қандай құқық бұзушылықтар жасады? Оларға әкімшілік сипаттағы қандай шаралар қолданылуы мүмкін?

3. Ұсынылатын қайнар көздер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы // <http://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Президенті туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы / www.adilet.zan.kz
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы: Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы / www.adilet.zan.kz
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 ж. 22 қаңтардағы № 6 Жарлығы (2017.25.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // http://adilet.zan.kz/rus/docs/U990000006_
5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 Қаулысы (2017.18.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31611088
6. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 Қаулысы (2017.04.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен // http://adilet.zan.kz/rus/docs/P080000387_
7. «Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 Қаулысы (2017.01.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000995>
8. Административное право Республики Казахстан [Электронный ресурс]: учебно-практическое пособие/ Оразбаева А.А., Джанысбаева Т.З., Бейсембеков А.С.— Электрон. текстовые данные.— Астана: Казахский гуманитарно-юридический университет, 2015.— 155 с. — Режим доступа: <http://www.iprbookshop.ru/49553>. — ЭБС «IPRbooks» (стр. 114-148).

IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі.

Тақырып № 1. Әкімшілік құқықтың түсінігі, пәні, әдісі және қайнар көздері.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Мемлекеттік басқару функцияларын іске асыратын мемлекеттік билік органдар қызметінің негізгі бағыттарына талдау жүргізу.

Тақырып № 2. Әкімшілік құқық нормалары және әкімшілік-құқықтық қатынастар.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Словения Республикасының азаматы С., 2015 жылы Қазақстан Республикасына келген. Семей қаласы Ішкі істер басқармасының көші-қон полициясы Бөліміне барып, бір ай мерзімге уақытша тіркеуге тұрған және мерзім аяқталғанда Қазақстан Республикасы аумағынан кетпеген, ол Қазақстанға «Спартак-Семей» клубына футбол ойнауға, жұмыс бабы бойынша келген. Азамат С. өзінің кінәсін толық мойындаған, әрі визадағы және көші-қон карточкасындағы күндерді шатыстырып алғанымен түсіндірген.

Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?

Тақырып № 3. Әкімшілік құқықтың субъектілері. Мемлекеттік органдардың арасындағы өзара іс-қимыл.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

2015 жылдың 15 сәуірінде 19 сағат 32 минутта А. Аманжолов «Сириус» дүкенінде, өз жұмыс орнында, 18 жасқа толмаған Т. Каримовке темекі бұйымдарын сатқан.

А. Аманжолов сот отырысында әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын, өзін кінәлі екендігін мойындамады. Ол сатып алушының кәмелетке, яғни он сегіз жасқа толғанына көз жеткізу үшін құжатын талап етпегенін, себебі сатып алушы жас жігіт - Т. Каримовтің өз жасынан үлкен көрінетінін және ата-аналардың өздерінің кәмелетке толмаған балаларына бақылау жасау керектігін айтты. Сонымен қатар, А. Аманжолов әкімшілік жауаптылыққа оны емес, өзінің ұлы - Т. Каримовті дұрыс тәрбиелемеген және әрекеттеріне бақылау жасамаған ата-аналарын тарту қажеттігін негіздеді. Кәмелетке толмаған Т. Каримовтің анасы – А.Б. Каримова, өзінің баласын дұрыс тәрбиелейтінін және әрекеттеріне бақылау жасайтынын, әрі ол ешқашан темекі бұйымын сатып алмайтынын нақтылады. Сондай-ақ, Т. Каримовтің темекі бұйымын сатып алуына, оның қатарластарының ықпалы әсер еткенін, ал сатушы - А. Аманжоловтың аула балаларына темекі бұйымдарын сататанына және осы әрекеті үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылғанына баса назар аударды, әрі А. Аманжоловты әкімшілік жауаптылыққа тартуды талап етті. Сот отырысында жауап

алынған куә Б. Ерденов, 2015 жылдың 15 сәуірінде кешкі сағат жеті жарым шамасында өзінің үйінің қасында орналасқан «Сириус» азық-түлік дүкеніне барғанын, әрі сатушы А. Аманжоловтың жас жігітке бір қорап темекі бұйымдарын беріп жатқанына таң қалғанын, себебі жас жігіттің әлі 18 жасқа толмағанын байқағанын, бірақ сатушыға ештеңе айтпастан, азық-түліктерінің ақысын төлегеннен кейін, үйіне кеткенін айтты.

Осы жағдаятқа құқықтық баға беріңіз және ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес істі мәні бойынша шешіңіз.

Тақырып № 4. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет. Кеден органдарына қызметке кіру, өткеру және тоқтату тәртіптерінің ерекшеліктері.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Тараз қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың қаулысымен 2014 жылдың 12 тамызында Жамбыл облысы ПД қызметкері Е., ӘҚБтК 206-2 бабының 1-бөлімі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды. 17.11.2014 жылы облыстық соттың ұйғарымымен ПД қызметкері Е.-ге қатысты Тараз қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттың қаулысының күші жойылды, Е.-нің әрекеттерінде ӘҚБтК 206-2 бабының 1-бөлімі бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы болмағандықтан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс өндірісі тоқтатылды.

Іс материалдарында тіркелген, облыс ПД кадрлық жұмысы бойынша басқарманың анықтама қағазына сәйкес, Жамбыл облысы ПД басшысының 11.11.2012 жылғы бұйрығымен азамат Е. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 80-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес ішкі істер органдарынан қызметінен шығарылған. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңының 80-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына сәйкес қызметкерлер, аттестаттаудың қорытындысы бойынша анықталған қызметке сәйкес келмеуі бойынша жұмыстан шығарылады. Ал осы заңның 80-бабының 3-тармағына сәйкес, қызметкерлерді жұмыстан шығарудың осы баптың 1-тармағының 12) – 16) тармақшаларында көзделген негіздері теріс себептер деп танылады.

Қызметкер Е.-ге қатысты 17.11.2014 жылғы облыстық соттың ұйғарымына түсіндірме беріңіз.

Тақырып № 5. Қазақстан Республикасындағы атқарушы билікті жүзеге асырудың әкімшілік-құқықтық нысандары.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Аудан әкімдігінің аудан орталығын және ауданның елді мекендерін көгалдандыру және абаттандыру бойынша қаулысының жобасын әзірлеңіздер.

Тақырып № 6. Әкімшілік рәсімдер және олардың әкімшілік құқық жүйесі мен Қазақстан Республикасының заңнамасындағы орны.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 12 «Сот актілерін орындамағаны үшін жауаптылық туралы» Нормативтік қаулысына талдау жасаңыз (24.12.2014 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен бірге) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1045935#pos=1;-245

Тақырып № 7. Әкімшілік мәжбүрлеу.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Азамат Ю. Селюкова, Түркияға 10 күнге демалуға кетіп бара жатып, төменгі қабатта тұратын С. Волковтың қарауына өзінің итін қалдырып кетеді. Итті саябақта серуендетіп жүргенде, Ю. Селюкованың иті қасынан өтіп бара жатқан В. Носковты қауып алады. Бұл оқиғаның куәлері – 7 жастағы В. Петронко мен 10 жасар Ж. Смағұлов. Телефонға қоңырау шалып полицияны шақырған В. Носков, балаларға полиция қызметкерлері келгенге дейін күтулерін және көргендерін айтуды өтінді. С. Волков оқиға болған жерден итімен бірге кетіп қалды. Аудандық сот полиция қызметкерімен толтырылған хаттаманың негізінде С. Волковке әкімшілік айыппұл салу және итті алып қою туралы қаулы қабылдады. Бұл жағдаятқа құқықтық баға беріңіз және ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес істі мәні бойынша шешіңіз.

Тақырып № 8. Әкімшілік құқық бұзушылық.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған азамат А.-ны ұстау мақсатында полиция қызметкерлері азамат М.-нің меншігіндегі тұрғылықты жайға еруге талпыныс жасады. Азамат М. полиция қызметкерлерінің талабын орындаудан бас тартты және оны тұрғын үйіне қол сұғылмайтынымен негіздеді.

Полиция қызметкерлері мен азамат М.-нің әрекеттері құқыққа сәйкес пе? Олардың әрекеттеріне құқықтық сипаттама беріңіз.

Тақырып № 9. Кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Соттың 09.03.2014 ж. қаулысы бойынша Алматы–Ташкент тас жолының 591 шақырымында көлік жүргізуші Б., 946 DBA мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Kaessboreg» маркасындағы көлік құралын басқарған, әрі жол жүрісі қағидаттарының 10.1 тармағын бұзу салдарынан, тұрақта тұрған О.-ның меншігіндегі Х 5901 BPN мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Ваз 21070» маркасындағы көлікті соққан. Жол көлік оқиғасы

салдарынан жәбірленуші О.-ның көлік құралына материалдық шығын келтірілген.

Жуалы аудандық сотының 2014 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен азамат Б., ӘҚБтК 468-бабының 1-бөлімінде қарастырылған әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды және осы бап бойынша оған 9 айға дейінгі мерзімде көлік құралын басқару құқығынан айыру туралы жаза тағайындалды. Осыған дейін әкімшілік жауаптылыққа тартылмаған Б., өзінің кінәсін мойындады, әрі отбасын асырау үшін көлік жүргізуші болып жұмыс жасайтынын, ал көлік құралы оның өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатынын айтты. Жол жүрісі қағидаттарының бұзылуы қолайсыз ауа райы жағдайымен байланысты болғандықтан, құқық бұзушылық абайсыздықта жасалған болып табылды, сонымен қатар жәбірленуші О. құқық бұзушыға ешқандай, соның ішінде материалдық талаптар қоймады.

Соттың қаулысына келіспеген құқық бұзушы Б., қаулыға шағым, ал прокурор наразылық білдірді. Апелляциялық сот бірінші инстанциялық соттың қаулысын өзгертті.

Бірінші инстанциялық соттың қаулысына түсіндірме беріңіз, оны өзгертудің негіздерін айқындаңыз.

Тақырып № 10. Әкімшілік жауаптылық.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. Қазақстан Республикасы шекарасынан өту кезінде КАМАЗ көлік құралын тексерістен өткізу барысында, аға лейтенант К. Қайыров көліктің кузовынан кәмелетке толмаған, өзін И. Самутдинов деп атаған тұлғаны анықтады. Жасөспірім өзінде ақшасының, құжаттарының жоқ екендігін, Өзбекстанға туыстарына бара жатқанын, сол үшін көліктің кузовына мініп алғанын айтты. Көліктің жүргізушісі К. Дубров, ол басқарған көліктің кузовына мініп алған жасөспірім туралы ешқандай ақпарат бере алмады.

Бұл жағдаятқа құқықтық баға беріңіз. К. Дубровқа қандай әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін?

№2. 1994 жылы наурыз айында ауыр қылмысы үшін жазасын өтеп келген В. Медведев, ұзақ уақыт бойы жұмысқа орналаспаған, бірнеше рет қоғамдық орындарда мас күйінде болған, қасынан өтіп бара жатқан адамдарды балағаттап, ұрыс-керіс шығарған. Полицияның учаскелік инспекторының оған ескерту жасағанына қарамастан, ол әрекеттерін өзгертпеген. 1995 жылдың мамыр айында Медведевке бір жыл алты ай мерзімге әкімшілік қадағалау бекітілген. Оған сапар-жайларға, базарларға, мейрамханалар мен өзге де мекен-жайларға баруға және жеке шаруалары бойынша үйінен кешкі сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін шығуға тыйым салынған. 1995 жылдың шілде айында жол

полициясының қызметкері В. Медведевті сағат 23.00 шамасында мотоциклді, оны айдау құқығының жоқтығына қарамастан, айдағаны және жылдамдықты асырғаны үшін тоқтатты және ұстады.

Полицияның учаскелік инспекторының В. Медведевке қатысты әкімшілік ескерту жазасын қолдануға құқығы бар ма? В. Медведевке бір жарым жылға бекітілген әкімшілік қадағалау заңға сәйкес пе? В. Медведевке мотоциклді айдау құқығының жоқтығына қарамастан, айдағаны және жылдамдықты асырғаны үшін жауаптылығы туралы сұрақты қалай шешуге болады?

Тақырып № 11. Әкімшілік жазалар.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

№1. 2015 жылдың 1 қарашасында сағат 01.00 минут шамасында 555 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Ваз» маркасындағы көлік құралын жүргізуші Қ., Семей қаласы Бөгенбай көшесінде, маневр жасау кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етпей, көлік тұрағында тұрған F650KMN16 мемлекеттік тіркеу нөмірімен «Toyota Camry» маркасындағы К.-нің меншігіндегі көлік құралын соққан. Жол жүрісі қағидаларын бұзып, өзі қатысушы болып табылған жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалған көлік жүргізуші Қ., ҚР ӘҚБтК 611-бабының 2-бөлімінде қарастырылған құқық бұзушылықты жасаған.

Сот отырысында көлік жүргізуші Қ. өзінің кінәсін толық мойындаған, жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалғанын, болған жай туралы полиция қызметкерлеріне хабарламағанын айтып, жасаған әрекетіне өкінген. Сот көлік жүргізуші Қ.-ны жол жүрісі қағидаларын бұзғаны және жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалған үшін кінәлі деп танып, бір жылға көлік басқару құқығынан айыру әкімшілік жазасын тағайындаған.

Бұл шешімді ҚР ӘҚБтК нормаларына сәйкес түсіндіріңіз.

№2. Көлік жүргізуші К.М. Ыбраев, жол бойынан ауыр жарақат алған адамды көлігіне мінгізіп, жақын маңайдағы емханаға тез арада жеткізуге әрекет жасап, жолды қысқарту мақсатында жол қозғалысына рұқсат берілмеген көшеден өтті. Жол полициясы қызметкерімен тоқтатылған құқық бұзушы К.М. Ыбраевке 5000 теңге мөлшеріндегі айыппұл салынды. Бір айдан кейін К. Ыбраев аудандық сотқа, заңсыз жазаланғаны үшін шағым жасады. Сот шағым беру мерзімінің өткендігіне сілтеме жасап, шағымды қабылдамады.

Қандай заңдылықтың бұзылуына жол берілді? Бұл жағдаят қалай шешілуі мүмкін?

Тақырып № 12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

Жаздаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Көлікті басқара алмай қалған көлік жүргізуші А. Мышкин, жол қоршауын бұзып, оған залал келтірді. Іс бойынша түсіндірме беру кезінде А. Мышкин, жол қозғалысы жылдамдығын арттырмағанын, жол қоршауын соқпау үшін, уақытында көлікті тоқтатқанын, бірақ жол көк-тайғақ болғандықтан, көлікті басқара алмай қалғанын, сонымен қатар, оның көлігі техникалық қарап-тексеруден уақытында өткенін және көлік дөңгелегінің қысқы мерзімге сәйкес келетінін айтты. Іс бойынша өндірісті қамтамасыз ету қажеттілігінен сараптама таңайындау үшін, осы фактіні нақтылау барысында әкімшілік тексеру жүргізу туралы анықтама толтырылды. Оны жүргізу процесінде (үрдісінде) және істі қарау барысында өзге де әрекеттер жүзеге асырылды. Сарапшылар жол қоршауына келтірілген залалды, жол қоршауына соғылу салдарынан пайда болған көліктің алдыңғы бөлігіндегі іздерді, көлікті тежеудегі іздерді, көлік дөңгелектеріндегі протекторлардың жағдайын, алдыңғы шынының сынған қалдықтарын зерделеді. Істі қараған лауазымды тұлға көліктің техникалық қарап-тексеру талонын тексеріп, жол-көлік оқиғасы болған күні, сол учаскеде жол бойында көк-тайғақтың болуын дәлелдейтін материалдарды зерделеп, жол қоршауын соққан кезде Мышкиннің көлігінде болған, оның апасынан куәлік айғақтарды алды. Аталғандардың ішінен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдемелер көздеріне жататындарын анықтаңыз. Берілген тізімнің ішінен қандай дәлелдеме түрлерін бөліп қарастыруға болады? Іс бойынша ақиқатты айқындау үшін, өзге қандай дәлелдемелерді анықтауға болады?

Тақырып № 13. Әкімшілік-процестік (рәсімдік) қызмет.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Университеттің бір корпусының коменданты студенттерге, темекіні арнайы бөлінген орындарда тартпағаны үшін, 500 теңге мөлшеріндегі айыппұл салған. Студенттердің қарсылығына, ол бұл шара заңда бекітілгенін, сондықтан ректордың бұйрығына сәйкес, коменданттың «қажетті шараларды қолдануға» өкілеттігі бар екендігін айтқан.

Жағдаятты түсіндіріңіз. Ректордың бұйрығы мен коменданттың әрекеттеріне шағымдануға болады ма?

Тақырып № 14. Әкімшілік юстиция.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

Талас аудандық сотының 2014 жылғы 13 ақпандағы қаулысымен Талас аудандық аумақтық бөлімде аға сот орындаушысы болып қызмет жасап жүрген азамат У., ҚР ӘҚБтК 524-бабында қарастырылған құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды және оған 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл түріндегі жаза тағайындалды.

Осыған дейін, Талас аудандық сотының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, талапкер мен жауапкердің арасындағы дауларды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітілген, оған сәйкес жауапкер 2014 жылдың қаңтарынан бастап, 2016 жылдың қазанына дейін ай сайын, талапкердің пайдасына 8000 теңге мөлшеріндегі ақшаны төлейді, 270 000 теңге мөлшеріндегі қарыз өтелгенге дейін, ал талапкер жауапкерден орындауларды қабылдайды және осы даулы іс бойынша өзге ешқандай да қосымша талаптар қоймайды. Бұл ұйғарым 2014 жылдың 10 қаңтарынан бастап заңды күшіне енген.

Бірақ жауапкер өзіне артылған міндеттемелерді орындамаған, яғни 2014 жылдың қаңтарынан бастап талапкердің пайдасына 8000 теңге мөлшеріндегі соманы төлемеген. Талапкердің өтініші бойынша 2014 жылдың 31 қаңтарынан бастап атқарушылық қағазы толтырылған және Жамбыл облысының Талас аудандық аумақтық бөліміне орындау үшін жіберілген, оған талапкер мен жауапкердің арасындағы дауларды медиация тәртібімен реттеу туралы сот ұйғарымының көшірмесі қоса тіркелген.

Талас аудандық аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы У., 2014 жылғы 04 ақпандағы қаулысымен атқарушылық өндірісті қозғаудан бас тартты және атқарушылық парақты Талас аудандық сотына қайтарды, оны «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес атқарушылық құжаттардың тізімінде дауларды келісім тәртібімен реттеу туралы атқару парағының жоқтығымен, ал атқарушылық парақта азаматтық істі жауапкердің еркі бойынша тоқтату бойынша және мүліктік немесе мүліктік емес сипаттағы қандай да бір талаптардың жоқтығымен, сондай-ақ атқарушылық құжатта талаптар нақты, анық қойылмағандығымен негіздеді.

Судья, Талас аудандық аумақтық бөлімінің аға сот орындаушысы У.-ге, атқарушылық өндірісті негізсіз қозғамағаны және заңсыз бас тартқаны, әрі соттың ұйғарымын орындамағанын және соттың қаулысының орындалуы қажеттігі туралы ауызша түсіндірген.

Азаматтық іс бойынша шешіммен бірге, сотпен Жамбыл облысының сот актілерін орындау жөніндегі Департаменттің басшысының атына жеке ұйғарым шығарылды, онда Талас аумақтық бөлім қызметінде заңдылықты бұзу деректері (факт) орын алғандығы, одан әрі бұндай бұзушылықтарға жол бермеу үшін шаралар қолдану және кінәлі тұлғаларды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы баяндалды.

Осы істі қарау кезінде сот орындаушысының тәртіптік жауаптылығы туралы мәселе негізделген болып табылады ма? Аға сот орындаушысының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамының элементтері бар ма?

Тақырып № 15. Экономика, әлеуметтік-мәдени, әкімшілік-саяси салаларды әкімшілік-құқықтық реттеу.

Жағдаяттық есептер (кейстер/мини-кейстер)

2014 жылдың 22-23 тамызында «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС, Қ. Сағырбайұлы мен А. Пушкинді сүйістіріп қойған келбеттері бейнеленген постер өндіріп шығарған, әрі онда Алматы қаласының Құрманғазы – Пушкин көшесінің қиылысында орналасқан «Студия 69» жарнама клубының мекен-жайын көрсеткен. «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-нің әдепсіз жарнаманы өндіруі және таратуы, Қазақстан Республикасындағы жарнама туралы заңнаманы бұзу болып табылады. Осы дерек бойынша «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-не қатысты, ҚР ӘҚБтК 349-бабының 1-бөліміне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

Сот отырысында «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-нің заңды өкілі Д.Н. Хамитжанова кінәсін мойындамаған, оның түсіндірмесі бойынша, жоғарыда аталған постер Бішкек қаласында өткізілетін «REDJOLBORS» Азия жарнама фестиваліне қатысу үшін өндірілген, әрі фестивальде ол қола жүлдеге бағаланған. Ол тек постерді өндірген, бірақ оны таратпаған. Ал Қазақстандық Интернет желісінде оны азамат Г.К. Бугубаева таратқан. Адвокат Утебеков Д.Н., таратылған жарнаманың әдепке жат екендігін анықтау үшін, психологиялық және мәдени-тарихи сот сараптамасын жүргізу туралы өтініш жасаған. Сонымен қатар, ол Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы, бұқаралық ақпарат құралдар аясында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндірісті жүзеге асыратынын, әрі басқарманың хаттама толтыру бойынша құзыретін асыра пайдаланғанын, тағылған кінәнің бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы жоқтығын айтты. Сондықтан, «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-не қатысты 2014 жылғы 18 қыркүйектегі әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы заңсыз деп тануды және күшін жоюды, немесе мемлекеттік органға қайта рәсімдеуге қайтаруды сұрады.

Сотта, Алматы қаласының ішкі саясат басқармасының бас маманы Х. Құрманбек, жоғарыда берілген деректермен келіспейтінін, Алматы қаласы ІД-нен «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-гін «Студия 69» жарнама клубының жарнамалық ақпараттарын өндіруі және таратқаны үшін, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы материал түскендігін түсіндірді. Жоғарыда аталып өткен жарнамалық ақпарат, ұлы ақындардың бейнесін қорлау және адамгершілік пен мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормаларын бұзу, әрі моральдық құндылықтарға қайшы болып табылады және қоғаммен қабылданбайды. Сол себепті, «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-не қатысты 2014 жылғы 18 қыркүйекте ҚР ӘҚБтК 349-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

Судья, іс материалдарын зерделеп, тараптардың түсіндірмелерін,

прокурордың заңды тұлғаны ҚР ӘҚБтК 349-бабының 1-бөлігі бойынша кінәлі деп тану және 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі әкімшілік айыппұл өндіру туралы пікірін тыңдады.

ҚР «Жарнама туралы» 19.12. 2003 жылғы №508 заңының 3-бабының 1-тармағына сәйкес, жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаларға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге ықпал ететін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат.

Сот отырысында анықталды, 2014 жылдың 22-23 тамызында «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-мен Қ. Сағырбайұлы мен А. Пушкинді сүйістіріп қойған келбеттері бейнеленген постер өндіріліп шығарылған, постер Бішкек қаласында өткізілетін «REDJOLBORS» Азия жарнама фестиваліне қатысу үшін өндірілген, әрі онда Алматы қаласының Құрманғазы – Пушкин көшесінің қиылысында орналасқан «Студия 69» жарнама клубының мекен-жайы көрсетілген (ақпарат және клубта үстелдер тапсырысын қабылдау үшін телефон нөмірлері берілген). Сонымен қатар, «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС, постерді «Facebook» әлеуметтік желісінің парақтарына енгізген. Осы мән-жайларды ескере отырып, судья «EuroRSCGKazakhstan» ЖШС-нің кінәсі анықталды және оның ҚР ӘҚБтК 349-бабының 1-бөлігі бойынша, Қазақстан Республикасы заңымен жарнамалауға тыйым салынған тауарларды өндірген және таратқан әрекеттері, дұрыс сараланған деп есептеді. Бұл деректер 18.09.2014 жылғы №20 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, 25.08.2014 жылғы Д.Н. Хамитжанованың «Құрманғазы – Пушкин көшесінің қиылысында орналасқан гей клубтың мекен-жайын жеңіл есте сақтау үшін жасалған жарнама деп көрсетілген» түсіндірмесімен және іс материалдарына тіркелген өзге де мәлімдемелермен нақтыланды.

ҚР ӘҚБтК 635-бабының 3-бөлігіне сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған кезде өзіне қатысты іс қозғалып отырған заңды тұлғаның заңды өкіліне және іс бойынша өндіріске қатысушыларға, олардың құқықтары мен бостандықтарының түсіндірілгені туралы хаттамада белгіленген. ҚР ӘҚБтК 584-бабына сәйкес, Д.Н. Хамитжанова 18.09.2014 жылғы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға, құқықтары түсіндірілгені жөнінде қол қойған.

Сотпен қарастырылған, ҚР ӘҚБтК 636-бабының 1-бөлігінің 1-тармағына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтыру құқығына, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандар, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ие болады. Сондықтан, Алматы қаласының ішкі саясат басқармасы, ҚР ӘҚБтК 349-

